

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
РГП на ПХВ «ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ.М.АУЭЗОВА» МОН РК



AUEZOV
UNIVERSITY
1943



ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПРОГРАММА

- 📍 160012, город Шымкент, проспект Тауке хана, 5
- ☎ (8-725-2) 21-01-41, факс: (8-725-2) 21-01-41
- ✉ canselyarya@mail.ru, info@ukgu.kz
- 📘 @official.ukgu.kz
- 📷 @auezov_university

Ф.07.02-09

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
М.ӘУЕЗОВ атындағы ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ

«БЕКІТЕМІН»
Басқарма төрағасы
Ректор
т.ғ.д., академик Қожамжарова Д.П.
«__» _____ 2023 ж.



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

6B02310 – «Филология: қазақ тілі»

Тіркеу нөмері	6B02300011
Білім беру саласының коды мен жіктелуі	6B02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар
Даярлау бағыттарының коды мен жіктелуі	6B023 Тілдер және әдебиет
Білім беру бағдарламаларының (БББ) тобы	B037 Филология
Білім беру бағдарламасының түрі	Қолданыстағы
ББХСЖ бойынша деңгейі	6
ҰБШ бойынша деңгейі	6
СБШ бойынша деңгейі	6
Оқыту тілі	Қазақ
БББ көлемі	240
Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері	-
Серіктестік ЖОО (ҚҚБ)	-
Серіктестік ЖОО (ҚДББ)	-

Шымкент, 2023ж.

Құрастырушылар:

Тегі, аты-жөні	Қызметі	Қолы
Тасполатов Бақыт Тохполатұлы	Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент	
Нұрбек Мұратбек Анарбайұлы	Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті, философия докторы (PhD)	
Әділбекова Жеңіскүл Қуандыққызы	Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті, ф.ғ.к	
Кайимов Мұхамеджан Абдыхалықұлы	Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының докторанты	
Амангелдиева Аселя Армановна	ФИ-22-5к1 студенті	
Джумакулова Айгерим Абдиохаповна	ЖШС «Собкор» Отырар телеарнасының директоры	
Байбосынова Гаухар Сманқызы	Айбек атындағы №14 ЖОББМ директоры	
Қыдыр Уәли Сағындықұлы	«Қазақстан» РТРК» АҚ ОҚОФ «Ontustik» телеарнасының директоры	
Боранбаев Сандыбай Режепұлы	М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар» ҒЗИ директоры	
Жанысбаева Гулмира Қалыбайқызы	Шымкент қалалық тілдерді оқыту әдістемелік орталығының директоры	

Білім беру бағдарламасы «Гуманитарлық ғылымдар (Тілдер және әдебиет, Журналистика және ақпарат)» бағыты бойынша академиялық комитет мәжілісінде қаралды.

« ____ » ____ . 2023 ж. № ____ хаттама

АК төрағасы Ыбырайым Ә.О.

М.Әуезов атындағы ОҚУ Оқу-әдістемелік Кеңесінің мәжілісінде талқыланып, бекітуге ұсынылды « ____ » ____ . 2023 ж. № ____ хаттама.

ОӘК төрағасы Абишева Р.Д.

Университет Ғылыми Кеңесінің шешімімен бекітілді.
« ____ » ____ . 2023 ж. № ____ хаттама.

МАЗМҰНЫ

1.	БББ концепциясы.....	4
2.	БББ паспорты	6
3.	БББ бітіруші түлегінің құзыреттіліктері.....	8
3.1	БББ бойынша оқыту нәтижелері мен модульдердің қалыптасқан құзыреттіліктерінің бөлінісінің матрицасы.....	10
4.	Пәндердің оқыту нәтижелерін қалыптастыруға ықпалы мен еңбек көлемі туралы мәліметтер матрицасы.....	11
5.	Білім беру бағдарламасының модульдері бөлінісінде игерілген кредиттердің көлемін көрсететін жиынтық кестесі.....	60
6.	Оқыту стратегиясы мен әдістері, бақылау және бағалау.....	61
7.	БББ оқу-ресурстық қамтамасыз ету.....	63
	Келісу парағы.....	64
	Қосымша 1.Жұмыс берушінің пікірі	
	Қосымша 2.Сараптамалық қорытынды	
	Қосымша 3. "Педагог" кәсіптік стандарты	
	Қосымша 4. "Газет шығару". "Журналдар мен мерзімді басылымдарды шығару" кәсіптік стандарты	

1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ КОНЦЕПЦИЯСЫ

Университет миссиясы	Біз жаңа құзыреттіліктерді қалыптастыруға, зерттеушілік ойлау мен мәдениетті тарататын көшбасшыны дайындауға бағытталғанбыз
Университет құндылықтары	<ul style="list-style-type: none"> • Ашықтық – өзгерістерге, инновацияларға және ынтымақтастыққа ашық. • Шығармашылық – идеяларды тудырады, оны дамытады және құндылықтарға айналдырады. • Академиялық еркіндік – таңдау, даму және әрекет ету еркіндігі. • Серіктестік – барлығы жеңетін қарым-қатынаста сенім мен қолдауды қалыптастырады. • Әлеуметтік жауапкершілік – міндеттемелерді орындауға, шешімдер қабылдауға және олардың нәтижелері үшін жауапты болуға дайын.
Түлек үлгісі	<ul style="list-style-type: none"> • Терең пәндік білім, оны кәсіби қызметте қолдану және үнемі кеңейту. • Ақпараттық және цифрлық сауаттылық және жылдам өзгеретін ортадағы ұтқырлық. • Зерттеу дағдылары, шығармашылық және эмоционалдық интеллект. • Кәсіпкерлік, тәуелсіздік және өз қызметі мен әл-ауқатына жауапкершілік. • Жаһандық және ұлттық азаматтық, мәдениеттер мен тілдерге төзімділік.
БББ бірегейлігі	<ul style="list-style-type: none"> • Стейкхолдерлердің талаптарын ескере отырып түзетілген түлектің кәсіби құзыреттерін қалыптастыру арқылы өңірлік еңбек нарығына және әлеуметтік тапсырысқа бағдарлану. • Практикаға бағдарлану және сыни ойлау мен іскерлікті дамытуға, кез келген өмірлік жағдайда функционалдық сауатты және бәсекеге қабілетті болуға және еңбек нарығында сұранысқа ие болуға мүмкіндік беретін кең ауқымды дағдыларды қалыптастыруға аса назар аудару.
Академиялық адалдық және этика саясаты	<p>Университетте академиялық адалдық пен академиялық еркіндікті сақтау, кез келген төзімсіздік пен кемсітушіліктен қорғау шаралары қабылданған:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Академиялық адалдық ережелері (Ғылыми кеңестің 2018 жылғы 30 қазандағы № 3 хаттамасы); • Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт (Бұйрық № 373 н/қ, 27.12.2019 ж.). • Әдеп кодексі (Ғылыми кеңестің 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 8 хаттамасы).
БББ әзірлеудің нормативтік-құқықтық негіздері	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы; 2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы No 595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары; 3. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің

	<p>мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары;</p> <p>4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесі;</p> <p>5. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығымен бекітілген Басшылар, мамандар және басқа да қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы.</p> <p>6. ECTS қолдану бойынша әдістемелік нұсқаулар.</p> <p>7. Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы директорының 2021 жылғы 30 маусымдағы № 45 о/д бұйрығына 1-қосымша Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі нұсқаулық.</p>
Білім беру процесін ұйымдастыру	<ul style="list-style-type: none"> • Болон процесінің принциптерін жүзеге асыру • Студентке бағытталған оқыту • Қол жетімділік • Инклюзивтілік
БББ сапасын қамтамасыз ету	<ul style="list-style-type: none"> • Сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесі • Стейкхолдерлерді БББ әзірлеуге және оны бағалауға тарту • Жүйелі мониторинг • Мазмұнды өзектендіру (жаңарту)
Оқуға түсушілерге қойылатын талаптар	<p>Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес ҚР БҒМ 31.10.2018 жылғы №600 бұйрығы</p>
Мүгедектігі және ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларға арналған білім беру бағдарламаларын іске асыру шарттары	<p>Ерекше білім беруді қажеттетін және мүмкіндігі шектеулі білім алушылар үшін оқу ғимараттары мен студенттік жатақханаларда тактильді ПВХ плиткалары, арнайы жабдықталған дәретханалар, мнемоникалық схемалар, душ бөлмелерінде штангалар орнатылған. Автотұрақта арнайы орындар жасалған. Шынжыр табанды көтергіш орнатылған. Қозғалысы шектеулі адамдарға (ҚША) арналған үстелдер, қозғалыс бағытын көрсететін белгілер, пандустар қойылған. Оқу корпустарында (бас ғимарат, № 8 ғимарат) тірек-қимыл аппараты (ТҚА) бұзылыстары бар пайдаланушылар үшін бейімделген алты жұмыс орны бар 2 бөлме жабдықталған. Көру қабілеті нашар пайдаланушылар үшін SARA™ CE машинасы (2 дана) кітаптарды сканерлеу және оқу үшін қолжетімді. Кітапхананың веб-сайты нашар көретіндерге бейімделген арнайы NVDA аудио бағдарламасы қызмет көрсетеді. ББАО сайты http://lib.ukgu.kz/ тәулік бойы жұмыс істейді.</p> <p>Оқу процесін ұйымдастыруда және сабақтардың барлық түрлерінде жеке сараланған тәсіл қарастырылған.</p>

2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

БББ мақсаты	Қазіргі қазақ филологиясы бағыты бойынша іргелі білімге ие, алған білімдерін ғылыми-практикалық, зерттеушілік және редакциялық қызметінде қолдана алатын бакалаврлар дайындау
БББ міндеттері	<ul style="list-style-type: none"> - қоғамда әлеуметтік-жауапкершіліктік тәртіпті қалыптастыру, кәсіби әдеп нормаларын түсіне білу және оны сақтау; - бүкіл өмір бойы оқуды жалғастыруға мүмкіндік беретін, кәсіби мансапта кездесіп отыратын барлық өзгермелі жағдайларға бейімделе алатын базалық бакалавр дайындығын қамтамасыз ету; - жалпы жоғары интеллектуалдық даму деңгейіне жету үшін жағдай жасауды, сауатты, әрі жетік сөйлей білуді, ойлау мәдениеті мен қазақ филологиясы саласында еңбекті ғылыми ұйымдастыру дағдыларымен қамтамасыз ету; - интеллектуалдық, физикалық, рухани, эстетикалық жағынан дамуы, олардың мамандық бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету үшін немесе келесі оқу деңгейлерінде оқуын жалғастыруларына жағдай жасау.
БББ үйлесімділігі	<ul style="list-style-type: none"> • Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік шеңберінің 6-шы деңгейі; • 6 -шы біліктілік деңгейінің Dublin Descriptors; • Еуропалық жоғары білім кеңістігі біліктілік шеңберінің 1-ші циклі (A Framework for Qualification of the European Higher Education Area); • Өмір бойы білім алудың Еуропалық біліктілік шеңберінің 6-деңгейі (The European Qualification Framework for Life long Learning).
БББ кәсіби саламен байланысы	Әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі Салалық комиссия отырысының 2016 жылғы 25 тамыздағы № 3 хаттамасымен бекітілген мәдениет және өнер саласындағы салалық біліктілік шеңбері
Берілетін дәреженің атауы	Осы БББ сәтті аяқтағаннан кейін бітірушіге "6B02310 – Филология: қазақ тілі" білім беру бағдарламасы бойынша тіл білімі бакалавры дәрежесі беріледі.
Біліктілік пен лауазымдар тізімі	Ғылыми қызметкер, әдіскер, сарапшы, корректор, аудармашы-референт, хатшы-референт Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2020 жылғы 5 мамырдағы №182-ө-м бұйрығымен бекітілген Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының Біліктілік анықтамасындағы біліктілік талаптарына сәйкес жұмыс өтіліне талаптар қойылмастан бастапқы қызметтер атқара алады.
Кәсіби қызмет саласы	<ul style="list-style-type: none"> - филология, тіл білімі және әдебиеттану; - қазақ тілі мен әдебиетін оқыту; - бұқаралық қарым-қатынас саласы
Кәсіби қызмет нысандары	<ul style="list-style-type: none"> - жалпы орта мектебі (ЖОМ); - аудармашыны керек ететін ұйымдар; - бұқаралық ақпарат құралдары: редакция, газет және журнал, радио және телеарна, баспа орындары; - әлеуметтік-гуманитарлық қызметпен айналысатын ұйымдар; - мамандандырылған ғылыми ұйымдар, кітапхана.
Кәсіби қызмет пәні	<ul style="list-style-type: none"> - ғылыми еңбектер, аналитикалық мақалалар, баяндамалар мен пікірлер; - кәсіпкерлік (іскерлік) қызмет; - Аудармалар: газет және журнал редакциялары, радио мен телеарна,

	баспахана
Кәсіби қызмет түрлері	<p>-білім беру (педагогикалық)</p> <p>- ұйымдастырушылық және басқарушылық</p> <p>- ғылыми-зерттеу</p> <p>- басқа да кәсіби қызметтің түрлерін, тіл және әдеби білімді шет тілінде практикалық түрде игеріп, жүргізуді талап ететін.</p>
Оқыту нәтижелері	<p>ОН1 Кәсіби ортада және социумда академиялық жазу ережелерін қолдана отырып, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде еркін сұхбаттаса алу.</p> <p>ОН2 Дүниетанымдық, азаматтық, рухани және әлеуметтік жауапкершілікті, академиялық адалдық пен парасаттылықты қалыптастыру негізінде әлеуметтік-мәдени, кәсіби дамуды, ғылыми және эксперименттік зерттеулердің әдістерін көрсету.</p> <p>ОН3 Ақпараттық және есептеу сауаттылығы болуы тиіс, ақпараттарды жалпылау, талдау және қабылдай алу, мақсат қою және оған жету жолдарын таңдай білу.</p> <p>ОН4 Кәсіби сөйлеу мәдениетін игергендігін және қазақ лингвистика мен әдебиеттанудың негізгі теориялық түсініктемелері бойынша алған озық мамандандырылған құзыреттіліктерін көрсету; кәсіби қызметтерінде және жеке зерттеу жұмыстарында өз беттерінше шешімдер қабылдау.</p> <p>ОН5 Кәсіптік оқытудың педагогикалық технологияларын, қолданыстағы әдістемелік материалдарды, педагогикалық қызметтің оң тәжірибесін зерделеу және талдау.</p> <p>ОН6 Қазақ әдеби тілінің нормаларын, функционалдық сөйлеу стилінің жүйесін практикада қолдану дағдыларын меңгеру: дәйектеу және көркем шығармаларды мәнерлі оқу, ежелгі түркі ескерткіштеріндегі мәтіндерді түсіну және талдау.</p> <p>ОН7 Аргументтерді қалыптастыру және қазақ лингвистикасы мен әдебиеттану салаларындағы мәселелерді шешу.</p> <p>ОН8 Ақпарат жинау, ақпаратты түсіндіру және ғылыми материалдарды дайындау, филология ғылымы саласындағы нәтижелерді өңдеу, пәнаралық тәсілдерді қолдану.</p> <p>ОН9 Нақты бір тақырып немесе бағыт бойынша БАҚ материалдарын дайындау үшін ақпаратты құрылымдау, редакциялық саясатты ескере отырып материалдарды талдау; таңдаулар, сұхбаттар, жазбалар, түсініктемелер, жарияланымдар жасау.</p> <p>ОН10 Мәдени ойлау қабілетін көрсете отырып, ақпараттарды жинақтау, талдау.</p> <p>ОН11 Зерттеу, кәсіпкерлік дағдыларын пайдалану және белгісіздік жағдайында жұмыс жасау дағдысы болу.</p> <p>ОН12 Жеке түрде және команданың мүшесі ретінде тиімді жұмыс жасау, өзін-өзі тәрбиелеу және салауатты өмір салтын ұстану дағдыларын көрсету.</p>

3. БББ бітіруші түлегінің құзыреттіліктері

ЖАЛПЫ ҚҰЗЫРЕТТЕР (SOFTSKILLS). Мінез-құлық дағдылары және тұлғалық құзыреттіліктер	
ЖҚ 1.Өзінің жеке сауаттылығын басқарудағы құзыреттіліктер (өзіндік үйрену және жүйелі ойлау, трансәрттілік, кроссфункционалдылық)	ЖҚ 1.1. Өздігінен оқу, өзін-өзі дамыту және таңдаған траектория аясында және пәнаралық жағдайда өз білімін үнемі жаңартып отыру мүмкіндігі. ЖҚ 1.2. Кәсіби салада ой, сезім, фактілер мен пікірлерді білдіру қабілеті. ЖҚ 1.3. Қазіргі әлемдегі ұтқырлық және сыни ойлау қабілеті.
ЖҚ 2. Тілдік құзыреттілік	ЖҚ 2.1. Мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде коммуникация бағдарламаларын құру қабілеті. ЖҚ 2.2. Мәдениетаралық қарым-қатынас жағдайында тұлғааралық әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жасау қабілеті.
ЖҚ 3. Математикалық компетенция және ғылым саласындағы құзыреттіліктер	ЖҚ 3.1. Кәсіптік есептерді шешу үшін ЖОО-да математикалық, жаратылыстану, ғылыми, техникалық пәндерді оқу кезінде алынған білім беру әлеуетін, тәжірибесін және жеке қасиеттерін қолдану қабілеті және дайындығы.
ЖҚ 4. Сандық компетенция және технологиялық сауаттылық	ЖҚ 4.1. Өзінің өмірі мен кәсіби қызметінің барлық салаларында заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру және пайдалану арқылы ақпараттық сауаттылықты көрсету және дамыту қабілеті. ЖҚ 4.2. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар-дың әртүрлі түрлерін пайдалану қабілеті: интернет-ресурстар, ақпаратты іздеу, сақтау, қорғау және тарату бойынша бұлтты және мобильді сервистер.
ЖҚ 5. Жеке, әлеуметтік және оқу құзыреттіліктері	ЖҚ 5.1. Дене шынықтыру әдістері мен құралдары арқылы толыққанды әлеуметтік және кәсіби қызметті қамтамасыз ету үшін дене бітімін өздігінен жетілдіру және салауатты өмірге бағдарлау қабілеті. ЖҚ 5.2. Азаматтық және адамгершілік көріністері негізінде әлеуметтік-мәдени даму қабілеті. ЖҚ 5.3. Өзін-өзі дамыту, мансаптық өсу және кәсіби жетістік үшін өмір бойы жеке білім беру траекториясын құру қабілеті. ЖҚ 5.4. Оқу, жұмыста, үйде және бос уақытта әлеуметтік-мәдени контексте сәтті өзара әрекеттесу қабілеті.
ЖҚ 6. Кәсіпкерлік құзыреттіліктері	ЖҚ 6.1. Әр түрлі ортада шығармашылық және кәсіпкерлікті таныту мүмкіндігі. ЖҚ 6.2. Белгісіздік режимінде жұмыс істеу және тапсырма шарттарын тез өзгерту, шешім қабылдау, ресурстарды бөлу және уақытты басқару қабілеті. ЖҚ 6.3. Тұтынушының сұраныстарымен жұмыс істеу қабілеті.
ЖҚ 7. Мәдени хабардар болу және өзін таныту қабілеттіліктері	ЖҚ 7.1. Дүниетанымдық, азаматтық және моральдық ұстанымдарды көрсету қабілеті. ЖҚ 7.2. Әлемнің басқа халықтарының дәстүрлері мен мәдениетіне толерантты болу, жоғары рухани қасиеттерге ие болу қабілеті.
Кәсіптік құзыреттіліктер (HARDSKILLS) Дайындаудың осы бағыты үшін тиісті, арнайы теоретикалық білімдер және тәжірибелік дағдылар, қабілеттер	

Дайындаудың осы бағыты үшін тиісті, арнайы теоретикалық білімдер және тәжірибелік дағдылар, қабілеттер	КҚ1.Қазақ тіл білімі саласындағы дидактикалық, ғылыми, білім беру, әлеуметтік және коммуникативтік міндеттерді анықтау және шешу үшін жүйелі теориялық және тәжірибелік арнайы білімдерді пайдалануға дайын болу.
	КҚ2. Белгілі бір тілдік стильге жатқызылғандықтан, тілдік құралдардың өзгеру дағдыларын таныта алу;
	КҚ3. Қазақ тіл білімі және әдебиеттану саласында дидактикалық, зерттеу, ағартушылық, әлеуметтік-қарым-қатынастық міндеттерді анықтау және шешуге жүйелі түрде алынған теориялық және практикалық арнайы білімін пайдалануға дайын болуы.
	КҚ4. Мамандық бойынша кәсіптік қызметтің барлық түрлерін жүзеге асыру мүмкіндігі.
	КҚ5. Жалпы білім беру мекемесінде қазақ тілін оқыту үрдісіндегі принциптерді және салыстырмалы тарихи әдістерді түсіне алу.

3.1 Білім беру бағдарламасы бойынша оқыту нәтижелері мен модульдердің қалыптасқан құзыреттіліктерінің бөлінісінің матрицасы

	ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9	ОН10	ОН11	ОН12
ЖҚ1.1		+	+					+				
ЖҚ1.2			+	+	+				+			+
ЖҚ1.3						+			+			
ЖҚ 2.1	+					+		+				
ЖҚ2.2	+									+	+	+
ЖҚ3		+	+					+	+			
ЖҚ4.1		+	+					+		+		
ЖҚ4.2	+								+			
ЖҚ 5.1								+		+		
ЖҚ 5.2		+		+						+		
ЖҚ 5.3				+					+	+		+
ЖҚ 5.4		+			+				+	+		
ЖҚ 6.1					+						+	+
ЖҚ 6.2				+	+						+	+
ЖҚ 6.3			+	+		+	+					
ЖҚ 7.1				+						+		
ЖҚ 7.2									+	+	+	
КҚ1		+				+		+				+
КҚ2				+	+	+			+	+		
КҚ3				+	+	+					+	
КҚ4				+	+	+	+				+	
КҚ5				+	+	+	+					

4. ПӘНДЕРДІҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ЫҚПАЛЫ МЕН ЕҢБЕК КӨЛЕМІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР МАТРИЦАСЫ

№	Модуль аталуы	цик лі	ком поненті	Пәннің аталуы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредитте р саны	Қалыптастырушы оқыту нәтижелері (кодтары)											
							ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10	ОН 11	ОН 12
1	Қоғамдық ғылымдар негіздері	ЖБП	МК	Қазақстан тарихы	<p>Мақсаты: Қазақстанның тарихи дамуының негізгі кезеңдерін, заңдылықтарын және өзіндік ерекшеліктерін терең түсіну және ғылыми талдау негізінде Қазақстан тарихы туралы объективті білім беру.</p> <p>Мазмұны: Ежелгі адамдар және көшпелі өркениеттің қалыптасуы. Түркі өркениеті және Ұлы дала. Қазақ хандығы. Жаңа заман дәуіріндегі Қазақстан. Қазақстан кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйенің құрамында. Қазақстан тәуелсіздігінің жариялануы. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылысы, қоғамдық-саяси даму, сыртқы саясаты және халықаралық қатынастары. Қазақстан тарихындағы оқиғалардың себеп-салдарын талдаудың тарихи суреттеу әдістері мен тәсілдері.</p>	5		v										
2		ЖБП	МК	Философия	<p>Мақсаты: Студенттердің философияны дүниені танып-білудің ерекше формасы ретінде түсінуін қалыптастырып, оларға келешек кәсіби қызметтері аясында оның негізгі тараулары, мәселелері мен әдістері туралы тұтас білім беру. Сондай-ақ студенттердің бойында философиялық рефлексияны, өзін-өзі</p>	5		v						v				

					<p>сараптау және адамгершіліктік өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Ойлау мәдениетінің пайда болуы. Философияның пәні мен әдісі. Дүниені философиялық түсінудің негіздері: сана, рух және тіл мәселелері. Болмыс. Онтология және метафизика. Таным және шығармашылық. Білім, ғылым, техника және технологиялар. Адам философиясы және құндылықтар әлемі. Этика. Құндылықтар философиясы. Эстетика пәні философиялық білім саласы ретінде. Еркіндік философиясы. Өнер философиясы. Қоғам және мәдениет. Тарих философиясы. Дін философиясы. «Мәңгілік Ел» және «Рухани жаңғыру» – жаңа Қазақстан философиясы.</p>												
3	Әлеуметтік-саяси білімдер	ЖБП	МК	Әлеуметтану және саясаттану	<p>Мақсаты: Қоғамдық-саяси қызмет туралы білімдерін қалыптастыру мақсаты, қоғамдық-саяси процестер мен құбылыстарды түсіндіру.</p> <p>Мазмұны: Қоғамның әлеуметтік-этикалық құндылықтар жүйесін қарастыру. Әлеуметтік, саяси, мәдени, психологиялық институттарды, жастар саясатының ерекшеліктерін қазақстандық қоғамның жаңғыруында пайдалану және олардың негізінде қоғамдағы, кәсіптік ортада қақтығыстық жағдайларды шешу жолдары. Саяси институттар мен процестерді, саясат, билік, мемлекет және азаматтық қоғам туралы идеяларды</p>	4		v									

4				талдау және түсіндіру әдістерін зерттеу, әлеуметтанулық, салыстырмалы талдау әдістері мен әдістерін түсіну және қолдану, қазіргі әлемдегі саяси жағдайдың мәні мен мазмұнын түсіну. Негізгі саяси институттарды талдау және жіктеу.														
	ЖБП	МК	Мәдениеттану және психология	<p>Мақсаты: Тарих, қазіргі тенденциялар, мәдениет пен психологияны дамытудың өзекті мәселелері мен әдістері туралы ғылыми білімдерін, психологиялық құбылыстарды жүйелі талдау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Мәдениеттің морфологиясы, тілі, семиотикасы, анатомиясы. Көшпелілер, прототүркілер, түріктер мәдениеті. Орталық Азияның ортағасырлық мәдениеті. XVIII – XIX ғасырлар тоғысындағы қазақ мәдениеті, XX ғ. Қазақстанның мәдени саясаты. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы. Ұлттық сана, мотивация. Эмоциялар, интеллект. Адамның еркі, өзін-өзі реттеу психологиясы. Жеке типологиялық ерекшеліктері. Құндылықтар, мүдделер, нормалар рухани негіз болып табылады. Өмірдің мәні, кәсіби өзін-өзі анықтау, денсаулық. Жеке тұлға мен топтың қарым-қатынасы. Әлеуметтік-психологиялық конфликт. Қақтығыс кезіндегі мінез-құлық үлгілері.</p>	4		v											
5	Әлеуметтік-этникалық	ЖБП	ЖК	Экожүйе және құқық	<p>Мақсаты: Экономика, құқық, антикоррупциялық мәдениет, экология</p>	5		v										

6	даму			және тіршілік қауіпсіздігі, кәсіпкерлік, ғылыми зерттеулер әдістері саласында интеграцияланған білімді қалыптастыру. Мазмұны: Адам мен табиғаттың қауіпсіз өзара іс-қимылының, экожүйелер мен биосфераның өнімділігінің негіздері. Ресурстардың шектеулілігі жағдайындағы қоғамның кәсіпкерлік қызметі, бизнес пен ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Экология және адам тіршілігінің қауіпсіздігі саласындағы қатынастарды реттеу. Қазақстандық құқықты, субъектілердің міндеттері мен кепілдіктерін білу, әлеуметтік прогресті қамтамасыз ету үшін қоғамдық қатынастарда мемлекеттік реттеуді білу және сақтау. Ғылыми зерттеулер әдістерін қолдану.												
	БП	ТК	Мұхтартану	Мақсаты: Мұхтартану ғылымының қалыптасу тарихын, даму бағытын студенттерге ұғындыру, М.Әуезов шығармашылығы туралы әдебиет тарихы контекстінде тарихи, әдеби түсінік қалыптастыру. Мұхтартану пәні бойынша өз бетімен ізденістер жүргізуге, өз ойын жеткізе білуге дағдыландыру. Мазмұны: М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылық жолы, Семей, Ташкент, Санкт-Петербург кезеңдері, М.Әуезовтің публицистикасы, жазушының «Абай», «Шолпан» журналдарындағы қызметі, «Қорғансыздың күні», «Қыр суреттері»,	3						v					

				«Оқыған азамат», «Көксерек» әңгімелері, «Еңлік-Кебек» пьесасы, «Қилы заман», «Қараш-қараш» оқиғасы» повестері, «Абай жолы» роман-эпопеясы, «Абай Құнанбаев» монографиясы, М. Әуезовтің Оңтүстікке жасаған ғылыми-шығармашылық сапары туралы мағлұмат алады. Жазушының шығармаларының тақырыбы мен идеясы, кейіпкерлер әлемі, көркемдік болмыс-бітімі жайлы жан-жақты танысады.													
7		БП	ТК	Абайтану	<p>Мақсаты: А.Құнанбайұлы арқылы «Қазақтану» жобасындағы «Ұлттық кодты» сақтау мен дәріптеу.</p> <p>Мазмұны: XIX-XXғ. Қазақстан тарихына, қазақ әдебиетіне тарихи шолу жасау. Абайтану саласының дамуындағы XX-XXI ғасырдың абайтанушыларының еңбектері. Абайдың шығармашылығының хронологиясы. Абай - қазақ халқының ұлы ақыны, этнограф, қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы. Абай - «Қармола Ережесі» заңдар жинағының құрастырушысы, қоғамдық маңыздылығы. Абай - ойшыл, дінтанушы, философ. Абайдың білім және ғылым саласындағы рөлі, «Толық адамды» қалыптастыру идеясы. Абайдың аудармалары, поэмалары, «Қара сөздері», «Абай жолы» роман-эпопеясы. Қ.Тоқаев «Абай және Қазақстан XXI ғасырда» маңыздылығы.</p>						v						

8		БП	ТК	Қоғамдық сананы жаңғырту және оның өзекті мәселелері	<p>Мақсаты: Патша және кеңестік билік кезінде дағдарысқа ұшыраған руханиятымызды қалпына келтіріп, Тәуелсіз Ұлы Дала елінің рухани жаңғыруын жастар санасына сіңіру арқылы креативті тұлға қалыптастыру болып табылады.</p> <p>Мазмұны: Рухани жаңғыру: бастаулары мен алғышарттары. Қазіргі ұлттық сана. Прагматизм мен бәсекелік қабілет. Ұлттық бірегейлік және ұлттық код. Эволюциялық даму тәжірибесі мен келешегі. Білімнің салтанаты және сананың ашықтығы. Әліпби реформасы: тәжірибе мен басымдықтары. Туған жер-мемлекет негізі. Жалпыұлттық қасиетті орындар және тарихпен тәрбиелеу. Заманауи Қазақстандық мәдениет – рухани жаңғырудың тірегі. Жаңа гуманитарлық білім және болашақ ұлт зиялысы. Абай Құнанбайұлы және қазақ қоғамы.</p>		v	v											
9		БП	ТК	Қоғамға қызмет ету	<p>Мақсаты: Университетте оқытылатын пәндермен байланысты қоғамдық пайдалы іс-әрекеттерді жүзеге асыру, академиялық бағдарламаларды игеру негізінде студенттерде әлеуметтік маңызды дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны. Service Learning ұғымының мәні мен мазмұны, Service Learning тұжырымдамасының қалыптасу және даму тарихы. Service</p>				v								v		

				Learning-тің негізгі құрамдас бөліктері, балалар мен жасөспірімдер ортасындағы қоғамдық пайдалы іс-әрекеттер, әлемдік және қазақстандық тәжірибеде волонтерлік қозғалысты ұйымдастыру, Service Learning-тің профильдік бағыты. Қоғамдық пайдалы іс-әрекеттер арқылы оқытудың халықаралық тәжірибесі. Әлеуметтік жобаларды әзірлеудің жалпы принциптері мен әдістемесі. Іске асырылған әлеуметтік жобаларды талдау әдістері.													
10		БП	ТК	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері	<p>Мақсаты: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды, тұлғаның берік адамгершілік негіздерін, азаматтық ұстанымын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықтың орнықты дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Құқықтық нигилизмді еңсеру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама саласында білім алушылардың құқықтық мәдениетінің негіздерін қалыптастыру. Сыбайлас жемқорлыққа саналы көзқарасты қалыптастыру. Сыбайлас жемқорлық мінез-құлқынан, сыбайлас жемқорлық моралінен, этикасынан адамгершілік тұрғыдан бас тарту. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл үшін қажетті дағдыларды игеру. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық стандартын жасау. Сыбайлас</p>			v									

					жемқорлыққа қарсы насихаттау, заңдылық, заңға құрмет идеяларын тарату. Сыбайлас жемқорлықтың табиғатын түсінуге, оның көріністерінен әлеуметтік шығындарды сезінуге, өз ұстанымын дәлелді қорғай білуге, сыбайлас жемқорлықтың көріністерін еңсеру жолдарын іздеуге бағытталған қызмет.														
11	Коммуникация және дене мәдениеті модулі	ЖБП	МК	Орыс тілі	<p>Мақсаты: Қазақ (орыс) тілінде қоғамдық өмір және әлеуметтік-мәдени, кәсіби салаларында коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырып, академиялық мәтіндер жазу қабілетін жетілдіреді.</p> <p>Мазмұны: А1, А2, В1, В2-1, В2-2 (В2, С1 орыс тілі) деңгейлері халықаралық стандарттағы қарым-қатынас аясынан, тақырыптардан, тақырыпшалардан және типтік жағдаяттарынан тұратын когнитивтік-лингвомәдени кешендер: әлеуметтік тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, кәсіптік білім беруде үлгіленген формалар бойынша ауызша және жазбаша қарым-қатынас, жазбаша сөйлеу жұмыстары, тыңдалым түрінде ұсынылған. Білім беру бағдарламасы бойынша мәтіндердегі тілдік материалды түсінгенін көрсету, терминологияны білу және сын тұрғысынан ойлауды дамыту.</p>	10	v												
12		ЖБП	МК	Шетел тілі	<p>Мақсаты: А2 жеткілікті деңгейінде</p>	10	v												

13				<p>және В1 базалық жеткіліктілік деңгейінде шет тілін оқыту үдерісінде студенттердің мәдениетаралық және коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру. Егер бастапқыда тіл деңгейі жалпы еуропалық құзыреттілік В1 деңгейінен жоғары болса, студент жалпы еуропалық құзыреттің В2 деңгейіне жетеді.</p> <p>Мазмұны. А1, А2, В1, В2 деңгейлері халықаралық стандарттағы қарым-қатынас аясынан, тақырыптардан, тақырыпшалардан және типтік жағдаяттарынан тұратын когнитивтік-лингвомәдени кешендер: әлеуметтік тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, кәсіптік білім беруде үлгіленген формалар бойынша ауызша және жазбаша қарым-қатынас, жазбаша сөйлеу жұмыстары, тыңдалым түрінде ұсынылған. Білім беру бағдарламасы бойынша мәтіндердегі тілдік материалды түсінгенін көрсету, терминологияны білу және сын тұрғысынан ойлауды дамыту.</p>													
	ЖБП	МК	Дене шынықтыру	<p>Мақсаты: Кәсіби қызметке дайындалу үшін денсаулықты сақтауды, нығайтуды қамтамасыз ететін дене шынықтыру құралдары мен әдістерін мақсатты түрде пайдалану қабілеттілігі мен әлеуметтік-жеке құзыреттіліктерін қалыптастыру; болашақ еңбек қызметінде физикалық жүктемелерді, жүйке-психикалық</p>	8												v

				<p>стресстерді және қолайсыз факторларды тұрақты ауыстыруға қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны. Дене шынықтыру-сауықтыру және жаттығу бағдарламаларын іске асыру. Жалпы дамыту және арнайы жаттығулар кешені. Спорт түрлері (гимнастика, спорттық және ашық ойындар, жеңіл атлетика және т.б.). Сабақ процесінде бақылау және өзін-өзі бақылау, сақтандыру. Жарыстардың төрешілері, кәсіптік-қолданбалы дене шынықтыру даярлығының құралдары. Қазіргі заманғы сауықтыру жүйелері: А.Стрельникова, К. Бутейко, К.Динейки бойынша тыныс алу жүйесі, Бубновский бойынша бірлескен гимнастика.</p>													
14	БП	ЖК	Кәсіби орыс тілі	<p>Мақсаты: Кәсіби маңызды жағдайларда қарым-қатынасты барабар құра алатын және арнайы мақсатта тіл нормаларын меңгерген маманның кәсіби бағдарланған тілдік даярлығын қамтамасыз ету.</p> <p>Мазмұны: Кәсіби тіл және оның құрамдас бөліктері. Кәсіби терминология ғылыми стильдің негізгі белгісі. Оқу-кәсіптік және ғылыми-кәсіптік салалардағы ғылыми лексика және ғылыми конструкциялар. Мамандық бойынша ғылыми мәтіндерді құрастыру және талдау бойынша жұмыс алгоритмі. Ғылыми-кәсіби мәтіндерді құрастыру. Болашақ кәсіби қызмет шеңберіндегі іскерлік коммуникация және құжаттама негіздері.</p>	3	v					v						
15	БП	ЖК	Кәсіби	<p>Мақсаты: Кәсіби бағытталған</p>	3	v					v						

16			бағытталған шетел тілі	<p>мәтіндердің, оның ішінде, ғылыми-техникалық мазмұндағы мәтіндердің ауызша және жазбаша функционалдық ерекшеліктерін білу.</p> <p>Мазмұны: Кәсіби тақырыптар бойынша ауызша сөйлеуді түсіну және кәсіби тақырыптар бойынша дәйекті хабарлама жасау. Мультимедиялық технологияларды қолданып ауызша хабарламалар жасай алу. Кәсіби терминологияны меңгеру. Болашақ мамандықтар бойынша мәтіндерді түсіну.</p>													
	ЖБП	МК	Ақпараттық - коммуникациялық технологиялар	<p>Мақсаты: Ақпараттық технологиялар арқылы ақпараттарды жіберу және жинау тәсілдерін, ақпараттарды өңдеу және сақтау, іздеу әдістері, процестерді талдау және сыни бағалау мүмкіндіктерін қалыптастыру. Сандық жаһандану дәуірінде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлі мен маңыздылығын сыни түрде түсіну қабілетін дамыту, жаңа "сандық" ойлау.</p> <p>Мазмұны: Компьютерлік жүйелерге кіріспе және архитектурасы. Бағдарламалық қамтамасыз ету. Операциялық жүйелер. Адамның компьютермен әрекеттесуі. Деректер базасының жүйесі. Деректер базасын басқару. Желілер және телекоммуникациялар. Киберқорғаныс. Интернет технологиялары. Бұлтты және</p>	5	v		v									

					мобильді технологиялар. Мультимедиялық технологиялар. Смарт технологиялар. Электронды технологиялар. Электронды бизнес. Электронды үкімет.														
17	Шешендік өнер және практикалық қазақ тілі	БП	ТК	Ономастика теориясы мен практикасы	Мақсаты: Бұл пәнді меңгеру арқылы топонимдер мен антропонимдердегі ұлт болмысының антропоцентрлік таным түсінігін айғақтайтын тілдік бірліктер қарастыру негізгі мақсат болып табылады. Ономастиканың даму бағыттары мен ғылыми ізденістеріне және нәтижелеріне талдау жасай отырып негіздеме беру. Мазмұны: Қазақ тіліндегі топонимдер мен антропонимдер ономастика ғылымының даму барысында және тарихында негізінен этнолингвистикалық және лингвомәдениеттанымдық бағыттарда қарастырылғандығы туралы мағлұмат беріледі. Сол бағыттарда жүргізілген антропонимиялық және топонимиялық еңбектердің белгілі бір нәтижелерін жүйелі түрде мазмұндау арқылы қазақ ономастикасының теориясы мен практикасынан жан-жақты мәлімет алады.	4				v									
18		БП	ТК	Лингвомәдениеттану	Мақсаты: Лингвомәдениеттану пәнінің негізгі мақсаты - лингвистикалық тұрғыдан қазақ халқының төл мәдениетін лингвомәдени дерек ретінде тани отырып, қағидаларын айқындау					v								v	

19				<p>және негіздеу. Мәдениет пен тілдің халық өмірінің айнасы екендігін қарастыра отырып, этнографизмдер мен лингвомәдени деректердің ұғымдарын қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Лингвомәдени деректердің халық ауыз әдебиетінен, көркем шығармалардан фондық қызмет атқаратындығын меңгере отырып түрлі мағлұмат алады. Қоғамдағы мәдениет пен тілдің тоғысуынан туындаған лингвомәдениеттану - этнос лексикасының мәдени-тілдік деректерін сипаттайтын, қазақ тілі арқылы өзге жұртқа өз мәдениетін насихаттайтын ерекшеліктерімен жан-жақты танысады.</p>													
	КП	ТК	Шешендік өнер және мәнерлеп оқу	<p>Мақсаты: Шешендік өнердің халықтың қасиетті де құнды мұрасы екенін таныту. Қазақ халқының ежелден келе жатқан дәстүрлі тіл өнері екенін дәйектей отырып, қазақтың шешендік сөздері бата-тілектен бастап, бүкіл айшықты-өнегелі сөздерді, өсиет сөздерді танып білуге бағыттау.</p> <p>Мазмұны: Шешендік өнерді көпшілікке жеткізе білуде дұрыс, мәнерлеп сөйлеудің негізгі дағдыларын қалыптастыру. Шешендік өнер дамуының тарихи кезеңдерін біліп, пәннің ерекшеліктерін ғылымның әртүрлі салаларындағы білімнің бірыңғай кешенді екендігін анықтап, көпшілік алдында сөз сөйлегенде оны</p>	4						v						

20				қабылдану үшін ауызша және ауызша емес компоненттердің маңыздылығы туралы түсініктерді қалыптастыру.														
	КП	ТК	Сөйлеу мәдениетінің теориясы мен практикасы	<p>Мақсаты: Сөйлеу тілінің теориясы мен практикасын, оның тілдік-құрылымдық жүйесін мәтін түзілімінің негізінде қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Қазақ тіл білімінде сөйлеу мәдениетінің теориялық пән ретінде қалыптасуы мен дамуына өз үлесін қосады. Сөйлеу мәдениетін тілдік, коммуникативтік, прагматикалық, когнитивтік, лингвомәдени, этикалық тұрғыдан қарастыру оның негізгі белгілерінің түгелденіп, біртұтас пән ретінде қалыптасуына негіз болады. Тілдік коммуникацияның сапасын қарастыруда сөйлеу мәдениеті ғылыми пән ретінде басшылыққа алынады.</p>							v							
21					4													
	КП	ТК	Практикалық қазақ тілі	<p>Мақсаты: Тіл білімінің фонетика, лексика, морфология, синтаксис салаларын практикалық тұрғыда меңгертіп, білім, білік қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Тіл саласындағы негізгі тақырыптарды терең меңгеру, тілдік талдаудың әртүрлі түрлерін орындау дағдыларын, емле және пунктуация ережелерін қолдандыра білу, өздігінен және өзара тексеруден өткен диктанттарды жазу дағдыларын қалыптастыру. Емле мен пунктуацияның негізгі ережелерін іс жүзінде қолдана отырып, әдеби тілде</p>							v							

22					жазбаша және ауызша еркін сөйлеу дағдыларын дамыту.													
		КП	ТК	Тілдік деңгейлер бойынша талдау	<p>Мақсаты: Мектеп бағдарламасы көлемінде қазақ тілінен білім, білік дәрежелерін жүйелі түрде тиянақтап, кешенді талдауды терең игерту.</p> <p>Мазмұны: Тілдік талдау немесе лингвистикалық талдау арқылы тіл бірліктерінің сипаттамаларын, заңдылықтарын, ерекшеліктерін, бөліну жолдарын, бір-бірімен байланысу амалдарын ажыратып саралауды көрсету. Тілдік талдаудың маңызды шарттарын, оның негізгі заңдылықтары мен ерекшеліктерімен таныса келе, келесі сатыда тілдік фактілер негізінде өз бетімен ойлауға, сол құбылыстың белгілеріне сүйене отырып өзіндік ереже шығаруға шешім қабылдау.</p>						v							
23	Тіл білімінің ғылыми-теориялық мәселелері мен тарихы	БП	ЖК	Оқытылатын тіл теориясының негіздері	<p>Мақсаты: Студенттерді тіл біліміндегі негізгі теориялармен қаруландыру, оларға тіл туралы ғылымның өткен тарихынан, қазіргі күйінен алда тұрған міндеттерінен, шешілген және әлі шешілмеген мәселелерінен жан-жақты мәлімет беру.</p> <p>Мазмұны: Лингвистика ұғымы жайлы түсінік қалыптастырады. Тілді тілдік бірліктер мен олардың таптары, категориялары қалыптастыратын белгі жүйесі ретінде қарастырады. Тілді эндогендік және экзогендік сипатқа ие абстрактілі әмбебап құрылым ретінде</p>	5						v	v					

24				сипаттайды. Тілді жүйе ретінде жіктейді. Тілдің ойлауға әсерін бағалайды. Тілдің шығу тегін түсіндіреді. Тілдерді жіктеудің әр түрлі тәсілдерін қолданады. Тілді типологиялық жағынан жіктейді. Тілдердің генеалогиялық жіктелуін салыстырады.													
	КП	ТК	Жалпы тіл білімі	<p>Мақсаты: Тіл білімінің тарихи және жалпы лингвистикалық дайындықтарын тереңдету. Тіл біліміндегі онтология мәселелері жайында білім алуға, ғылыми танымдық заңдылықтарды, жалпы гносеологиялық ізденімдермен сәйкесетін қазіргі тіл білімінің даму бағытымен таныстыру.</p> <p>Мазмұны: Тіл білімінің ғылым ретіндегі негізгі бағыттары мен тарихын біледі. Тіл мен сөйлеудің негізгі лингвотеориялық ұғымдарын, қазақ әдеби тілінің нормаларын зерттейді, фонетика мен лексикологияның, морфология мен синтаксистің негізгі лингвистикалық түсініктерін түсіндіреді. Тіл білімі саласындағы зерттеу қызметінің негізгі әдістерін жіктейді. Дүние жүзінің лингвистикалық картасын жасай алады. Тілдік материалды зерттеудің әр түрлі әдістерін қолдана отырып талдайды.</p>	5				v								
25	КП	ТК	Тіл біліміндегі	<p>Мақсаты: 20-21 ғасырлар тоғысындағы қазақ тіл білімінің жаңа</p>					v								

26			жаңа бағыттар	<p>бағыттарының мән-мағынасын ашу. Заманауи тіл білімінің негізгі қағидаларын қарастыру.</p> <p>Мазмұны: Мемлекеттік ауқымда зерттеу жүргізудің дайындығы, зерттеу жұмыстарын жүргізудің міндеттері, құралдары, процедуралары мен технологиялары бойынша жүйелі білім қалыптастырылады. Ақпараттық-коммуникациялық кеңістікті қамтамасыз етудегі талдамалық қызметтің рөлі, үкімет пен азаматтық қоғам арасындағы өзара іс-қимыл механизмінің тиімді жұмыс істеуі анықталады. Мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асыру және коммуникативтік тапсырмаларды шешу бойынша ақпараттық-аналитикалық іс-шараларды іске асыруда пайдаланылатын тұжырымдамалық және категориялық құрылымның қалыптасуына үлес қосады.</p>												
	БП	ТК	Түркітануға кіріспе	<p>Мақсаты: Түркі тілдерін және олардың тарихын сипаттау. Жалпы лингвистиканың және түркі тілдерінің негіздері туралы білімдерін қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Қазақстанның заманауи мәдениетінің бастауларына деген қызығушылығын арттыру, керекті түсініктер қалыптастыру. Түркі тілдерінің негізгі даму этаптары мен оның фонетика-морфологиялық</p>	4			v		v						

27				ерекшеліктері туралы түсініктер базасын қалыптастыру.														
	БП	ТК	Қазақ жазуының тарихы	<p>Мақсаты: Ата-бабаларымыз бастан кешірген жазба тілмен, яғни ескі әліпбилермен танысып, олардың шығу тарихы мен мән-мағыналарын ашу.</p> <p>Мазмұны: Жазу және жазба тілінің теориялық негіздері, жазба тіл мен ауызекі сөйлеу тілінің ерекшеліктері мен ұқсастықтарын анықтау. Жазудың түрлері: идеографиялық жазу мен идеограммаларға анықтама беру. Табылған аймақтары мен жазудың сипаты, Түркі туыстас тілдердің, қазақ тілі графикасының дамуындағы кезеңдердің зерттелуі мен көзқарастар жайында мағлұмат беру. Графикалық лингвистика, оның палеография, эпиграфика, орфография тарауларын меңгерту.</p>					v		v							
28	Әдебиеттанудың ғылыми-теориялық мәселелері	БП	ТК	Әдебиеттануға кіріспе	<p>Мақсаты: Көркем әдебиеттің жалпы қасиеттерімен байланысты маңызды теориялық ұғымдармен, түсініктермен, жекелеген көркем шығарманың ерекшеліктерімен, әдеби дамудың заңдылықтарымен таныстыру. Көркем әдебиетті түсіну үшін қажетті іргетас қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Көркемдік әдістерді сипаттау. Әдебиеттанудың мәселелерін талқылауда ойын толық жеткізіп, өз көзқарасын қорғау. Эксперимент жасап және көрсете білуге</p>	5						v						

29				шығармашылықпен жол таба білу. Әр түрлі кезеңдегі ақын-жазушылардың шығармаларын түсіндіру, әдеби еңбектерді сыни бағалай білу, зерттелген материалды қорытындылау.													
	БП	ТК	Әдебиеттану ғылымындағы зерттеулер	<p>Мақсаты: Әдебиеттану тарихы мен оны дәуірлеудің өзекті мәселелерін қарастыру. Түрлі кезеңдерде өмір сүрген ақындар шығармашылығына ғылыми зерттеулер жүргізу.</p> <p>Мазмұны: Шығармашылық үдерістің теориясы мен практикасы туралы негізгі ережелерді қарастыру, өнерді бейнелі ойлау мен дұрыс қабылдаудың жалпы принциптерін сипаттау, адам өміріндегі көркем шығармашылықтың маңыздылығын бағалау. Өнер шығармаларын бағалауда эстетикалық талғам мен қабілет қалыптастыру, кәсіби білім мен дағдыларды дамыту және нығайту. Көркем шығармашылық идеясын саналы процесс ретінде бағалауды үйрету.</p>							v						
30				шығармашылықпен жол таба білу. Әр түрлі кезеңдегі ақын-жазушылардың шығармаларын түсіндіру, әдеби еңбектерді сыни бағалай білу, зерттелген материалды қорытындылау.													
	КП	ТК	Әдебиет теориясы	<p>Мақсаты: Өнердің түрі және оның тарихи даму заңдылығы ретінде студенттерге әдебиеттің теориялық ерекшеліктерін тереңірек және жан-жақты оқып үйренуіне дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Шығармаларды жанр, стиль, жанрлық форма, жанр және жанрлық түрлер бойынша ажыратады. Негізгі әдеби ұғымдар мен</p>	4						v						

					анықтамаларды жүйелеп, жіктейді. Әдебиет және басқа өнер түрлерінің орнын анықтайды. Әдеби шығармаларды сыни тұрғыдан бағалайды. Поэтика категориясы (автордың бейнесі, көркем уақыт және кеңістік, композиция), курстың терминологиясы, негізгі түсініктерді қалыптастыру үдерісі мен дамуы сипатталады.												
31		КП	ТК	Қазіргі қазақ әдебиет теориясындағы жаңашылдық	Мақсаты: Қазіргі қазақ әдебиет теориясындағы жаңашылдықтарды бүгінгі жаһандық әдеби процесс контекстінде қарастыру. Мазмұны: Дәстүрлер мен инновациялар – диалектикалық бірлік, ескі және жаңа жалғасы, тарихты дамыту, өндірістің негізі ретінде өзгереді. Инновация әрдайым әдебиет пен өнер саласын кеңейтетін үлкен шеберлік пен таланттың нәтижесі болып табылатындынын түсіндіру. Мұнда дәстүрлер мен инновациялардың заманауи әлем талаптарына сай болуы, әдебиет пен өнердегі ұлттық сәйкестікті сақтау қағидалары оқытылады.							v					
32	Қазіргі қазақ тілінің негіздері	БП	ТК	Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы	Мақсаты: Сауатты жазу мен дұрыс сөйлеу заңдылықтарының негізінде студенттерге тілдің дыбыстық жүйесі мен ерекшеліктерінен, үндестік заңынан, орфоэпия мен орфографиядан, сонымен қатар қазақ тілінің	4							v				

33				<p>фонетикалық даму заңдылықтары туралы теориялық тұрғыдан жүйелі білім беру.</p> <p>Мазмұны: Қазіргі қазақ тілі саласында фонетиканың тілдік жүйенің бір қыры және жүйелі құбылыстың ғылыми саласы ретінде өзіндік ерекшеліктерін ашу; тілдің фонетикалық құбылыстарын талдау, мәтінді транскрипциялауды (фонетикалық және фонемалық транскрипция) үйрету, тілдің интонация құрылымдарына жататын, зерттелетін мәселелер бойынша қазіргі лингвистикалық әдебиеттермен жұмыс жасау мүмкіндігін қалыптастыру.</p>													
	БП	ТК	Графика және орфография	<p>Мақсаты: Студенттерді оқытуда орфографиялық ережелерді мұқият сақтай отырып, сауатты жазу мәселесіне баса назар аударту.</p> <p>Мазмұны: Қазақ жазу таңбасының негіздерін сипаттау. Емле мен пунктуация ережелерін қолдану, алынған ақпараттарды бағалау, ғылыми мәтіндерді өңдеу және талдау, негізгі білім-ғылым жанрындағы мәтіндерді құрастыру, емле дағдыларын, айтылуымен тыныс белгілерді дұрыс қою, жазбаша және ауызша тілдік формалар т.б. игерту. Өзін-өзі және өзара тексеру әдістерін қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p>							v						

34		БП	ТК	Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы	<p>Мақсаты: Құрылымдық бірліктер мен сөздік құрамдағы базистік лексиканы қамтитын лексикологияның теориялық және практикалық негіздерін анықтау.</p> <p>Мазмұны: Лексикологияның негізгі категорияларын қарастыру. Мәтіннің түпнұсқа мәтіндерінде ақпараттық базаның кеңейінін көрсету. Лексикологиядағы парадигматикалық және синтагматикалық қарым-қатынастарын салыстыру. Лексикалық бірліктердің қарым-қатынасы мен өзара тәуелділігін талдау. Лингвистика саласындағы лексикологияның алатын орнын, түсіндірмелі сөздіктердің түрлерін, сөздің тар және кең мағынасын, неологизмдер, архайзмдер, диалектілер, жаргон, аргон, эвфемизм, десфемизм, табу т.б. сөздерді меңгерту арқылы студенттердің кез келген жанрдың толық лексикологиялық мәтіндік талдау жасау дағдыларын қалыптастыру.</p>	5								v					
35		БП	ТК	Қазақ лексикографиясының қалыптасуы мен дамуы	<p>Мақсаты: Қазіргі қазақ тілінің сөздік қорын (лексикалық байлығын) игере отырып, сөздік түзудің қазақ тілінің бүкіл тарихи дамуы барысында қалыптасқанын көрсету.</p> <p>Мазмұны: Лексикологияны және оның жетістіктерін зерттеу негізінде әртүрлі сөздік қорларын, лексикография туралы теориялық білімдерінің кең ауқымын ғылыми тұрғыда жинақтау.</p>								v						

				Лексикография және лексикология – ғылымның екі тармағы, бір-бірімен тығыз байланысты қарастыру. Сөздіктердің сапасы мен осы ғылымның қалай және қандай дәрежеде зерттелетініне байланысты екендігін түсіндіру.														
36		КП	ТК	Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы	Мақсаты: Студенттерге қазіргі қазақ тілінің морфологиясы туралы теориялық білім бере отырып, практикалық тұрғыда сөз құрылысына жеке-жеке талдай алу қабілетін қалыптастыру. Мазмұны: Тілдің морфологиялық жүйесін, сөздердің грамматикалық кластарын (сөз таптарын) жіктеуіш бірліктер ретінде ажырату қағидаларын сипаттайды. Қазақ тіліндегі әр сөз таптары туралы білімдері қалыптасады, қазақ тіліндегі сөздерді грамматикалық мәнін ескере отырып, дұрыс және нақты пайдалануға мүмкіндік береді.	6				v								
37		КП	ТК	Қазіргі қазақ тіліндегі сөзжасам мәселелері мен сөзжасамдық тәсілдер	Мақсаты: Сөзжасамның жалпы теориялық мәселелерін: сөзжасам жүйесін, сөзжасамдық бірліктерді, сөзжасам заңдылықтарын, сөзжасамның амал-тәсілдерінен туған қағидаларды меңгерту. Мазмұны: Қазақ тіліндегі сөзжасамдық және морфологиялық жүйелердің ерекшеліктерін, қазіргі кезеңдегі осы жүйелердің даму тенденциясын қарастырады; қазақ тілінің сөзжасамдық-морфологиялық					v								

38				құбылыстарын талдаудың практикалық дағдыларын қалыптастырады. Морфология деңгейіндегі лингвистикалық бірліктердің кіші жүйелерін, негізгі сөзжасам ұғымдарын морфологиялық талдау дағдыларын қалыптастырады. Лингвистикалық әдебиеттермен жұмыс істей алуын қамтамасыз етеді.														
	КП	ЖК	Теориялық және қолданбалы лингвистика		5				v									v
39																		

40				<p>Мақсаты: Теориялық және қолданбалы аспектілерді қоса алғанда лингвистикалық білім жүйесін білу, тілдік құбылыстар мен фактілерді әр түрлі бағыттарда (этнолингвистикалық, когнитивтік лингвомәдениеттану прагмалингвистикалық және т.б.) зерттеу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Қазіргі тіл білімінде пәнаралық бағыттарды зерттеу кезінде салааралық қарым-қатынас және кроссмәдениеттілік дағдыларды игеру. Студенттер тіл қолдану аймағы кең және әртүрлі екенін біледі. Әлемнің ежелгі саласын анықтау: тілдің лексикология, ана тілін үйрету, жазбаша аудару, аударма әдістері. Типография, емле, транслитерация және терминологияны қамтиды.</p>													
	БП	ТК	Қазіргі қазақ тілінің жай сөйлем синтаксисі	<p>Мақсаты: Қазіргі қазақ әдеби тілінің синтаксистік жүйесін ғылымда әбден зерттеліп тұрақталған көзқарас тұрғысынан танып білу, сипаттау; сөз тіркесі және жай сөйлем синтаксисін игерту арқылы әдеби тіл нормаларын меңгерту.</p> <p>Мазмұны: Қазіргі қазақ әдеби тілінің синтаксистік жүйесіне қатысты теориялық білімдермен қаруланады; Сөз тіркесі, олардың өзіндік белгілерін, басқа тілдік единицалардан айырмашылығы анықталады; Сөйлем</p>	5			v									

41				түрлерін, олардың әрқайсысының ерекшеліктері танылып, қазіргі қазақ тілінің жай сөйлем синтаксисі сөйлемнің басты белгілері, олардың бір-бірінен айырмашылықтары меңгертіледі; Қазіргі қазақ тілінің жай сөйлем синтаксисі сөйлем компоненттерін байланыстырушы тілдік амал-тәсілдер жүйесі игертіледі; Тыныс белгілерінің түрлері, олардың қойылатын орындары меңгертіліп, сауатты жазуға дағдылары қалыптасады.														
	БП	ТК	Жай сөйлем синтаксисін дегі дискурстық құрылымдар	Мақсаты: Дискурс ұғымының көпәспектiлiгi әртүрлі шекаралық ғылымдарда көрiнiс табатындығын тану және мәтiн, сөйлеу, диалог және т.б. ұғымдарға қатысты даулы мәселелердi шешу арқылы жай сөйлем синтаксисiн меңгерту. Мазмұны: Дискурсты әр түрлі авторлардың пікірі тұрғысынан сипаттап, қазіргі лингвистикадағы орнын анықтау. Лингвистикалық ғылым классиктерінің, сондай-ақ дискурс ұғымының терең түсінігі туралы және қайшылас мәселелеріне сәйкес қазіргі лингвист ғылымдардың пікірлері мен көзқарастары туралы мәселелерді талдау.					v									
	БП	ТК	Қазіргі қазақ тілінің құрмалас	Мақсаты: Лингвистикалық ойлау қабілетін қалыптастыратын сөйлемнің, құрмалас сөйлемнің күрделі мәселелерін	4				v									

43				сөйлем синтаксисі	<p>анықтау, құрмалас сөйлемнің табиғаты мен коммуникативтік қызметіне талдау жүргізу.</p> <p>Мазмұны: Қазіргі қазақ әдеби тілінің синтаксистік жүйесіне қатысты теориялық білімдермен қаруланып, құрмалас сөйлемнің басты белгілері, оның жай сөйлемнен айырмашылықтарын ажыратады; Құрмалас сөйлем компоненттерін байланыстырушы тілдік амал-тәсілдер жүйесін таниды; Құрмалас сөйлем түрін ажырата білуге дағдыланады; Төл сөздің түрлері мен төлеу сөздің айырмашылықтарын анықтайды; Тыныс белгілерінің түрлерін, олардың қойылатын орындары меңгертіліп, сауатты жазуға үйретіледі; Теориялық білімдердің негізінде студенттердің мектепте жұмыс жүргізуге қажетті білік, дағдылары қалыптасады.</p>											
44		БП	ТК	Қазіргі қазақ тілінің тыныс белгілер жүйесі	<p>Мақсаты: Қазақ тілінің тыныс белгілері заңдылықтарын толық меңгеру арқылы сауатты жазу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Қазақ тілінің тыныс белгілері жөніндегі ережелердің жиынтығымен таныстыру. Тыныс белгілерінің түрлері және олардың әрқайсысының қызметін ажырату. Тыныс белгілер мағынаға және интонацияға негізделіп, сөйлемнің грамматикалық құрылысына,</p>							v				

45				мағынасына, интонациясына қарай қойылатындығын меңгерту. Пунктуация мәселелерінің шешілмей келе жатқан даулы тұстарын жан-жақты талдау.														
	БП	ТК	Стилистика және тіл мәдениеті	<p>Мақсаты: Тілдік сезімі және шешен сөйлеу мәдениеті қалыптасқан, сөз сапалары мен шешендік стильдің тілдік белгілерін меңгерген, бәсекеге қабілетті дара тұлғаның қалыптасуына мүмкіндік жасау.</p> <p>Мазмұны: Тілдің жалпы адамзаттық құндылық ретіндегі рөлін түсіндіру; сөз мәдениетінің сатыларын таныту; тілдің эстетикалық табиғатын таныту; жаңа тілдік жағдаяттарда қарым-қатынас жасауға дағдыландыру; стиль түрлеріне сай тілдік талғамдарын жетілдіру; жұрт алдында сөйлеуге төселдіру, көпшілік алдында сөйленетін сөздің құрылымын меңгерту; шешен сөйлеуге төсемді әлеуметтік-тілдік дағдыларын қалыптастыру, көркем сөз нормаларын меңгерту.</p>	4						v							
	БП	ТК	Қазақ тілінің стилистикасы	<p>Мақсаты: Стилистиканың негізгі ұғым-категориялары, қазақ тілінің стилистикалық құралдары, қазіргі қазақ әдеби тілінің стильдер құрамы және оларды топтастырудың принциптері туралы білім, білік қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Мәтіннің стилистикалық ерекшелігін зерттеу, нақты стилистикалық құбылыстарды талдау.</p>							v							

46				Тиісті түсіндірме және фразеологиялық сөздіктерді қолдану. Мәтінге тұтас стилистикалық талдау жүргізуге, сөйлеу ахуалының сипатын ажырата білуге, әдеби тілдің тілдік және стилистикалық нормаларына және коммуникативтік параметрге сәйкес әртүрлі тілдік бірліктерді таңдауға үйрету.													
	БП	ТК	Қазақ диалектологиясы	<p>Мақсаты: Қазақ тіліндегі сөйленістер (говорлар) мен диалектілер жайында жүйелі білім беру, оның келелі мәселелерімен таныстыру.</p> <p>Мазмұны: Жалпы қазақ тілінің диалектілерінің құрылымын сипаттайды. Қазіргі қазақ говорларының фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік, лексикалық деңгейлерінің өзіндік ерекшеліктерін анықтайды. Қазақ диалектілерінің диалектілік айырмашылықтарын бағалайды. Қазақ тілінің белгілі бір кезеңінің дамуын тану үшін қазіргі говорлардың фонетикалық, грамматикалық, лексикалық құрылымын сипаттау арқылы қазақ говорларының диалектілік айырмашылықтарын талдау дағдылары дамиды.</p>	4				v								
47				Тиісті түсіндірме және фразеологиялық сөздіктерді қолдану. Мәтінге тұтас стилистикалық талдау жүргізуге, сөйлеу ахуалының сипатын ажырата білуге, әдеби тілдің тілдік және стилистикалық нормаларына және коммуникативтік параметрге сәйкес әртүрлі тілдік бірліктерді таңдауға үйрету.													
	БП	ТК	Қазақ тілінің семантикасы	<p>Мақсаты: Сөз, сөз тіркестері, сөйлем т. б. арқылы жеткізілетін барлық тілдік құбылыстардың мағынасын танымдық тұрғыда қарастыру. Қазақ тілінің семантикасын зерттеу арқылы сөзтанымын тереңдетіп, ол туралы</p>					v								

48				<p>білімін қалыптастыру. Тілдегі семантикалық білімнің тұлғалық және мағыналық жағынан теориялық білімін жетілдіру.</p> <p>Мазмұны: Сөздердің семантикасын сөздің мағынасы деп те атайды, семантика мен мағына дегендер бір-бірімен синоним терминдер екендігі туралы ғылыми білім қалыптасады. Сөздердің лексикалық мағынасы белгілі бір ұғымды ғана білдіреді. Белгілі бір сөздің тура номинативті мағынада немесе екінші бір тіркестерде, сөйлем ішінде ауыспалы мағынада қолданылуы туралы мағлұмат беріледі.</p>													
	КП	ЖК	Салыстырмалы типология	<p>Мақсаты: Аглютинативті қазақ тілі мен флективті орыс тілінің құрылымындағы айырмашылықтарға байланысты ерекшеліктерін әр сала бойынша салыстыра зерттеу. Студенттерге әр құрылымның функциясын таныту. Қазақ және орыс тілдеріндегі тілдік жүйенің тілдің басқа деңгейдегі амалдармен ұштасып жатқанын біліп, ажырата білуге үйрету.</p> <p>Мазмұны: Студенттер типология екі жақты (формасы мен мағынасы) болмауы керек, бірақ лингвистикалық бірліктермен немесе салыстырмалы мағыналық формамен шектелуі тиіс екендігін анықтайды. Әдетте типология мен салыстырмалы аймақтық лингвистика және салыстырмалы</p>	5					v							

49				тарихи лингвистика қарастырылады. Нысанға байланысты зерттеу типологиясы функционалды типологияға (элеуметтік лингвистика) және құрылымдық типологияға бөлінетіндігі қарастырылады.													
	КП	ТК	Іскерлік корреспонд енция тілі	Мақсаты: Тілдік іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыра отырып, халықаралық мәдени қатынас құралы ретінде қолдана алуды қалыптастыру. Мазмұны: Іскерлік қарым-қатынас тілі – бұл қызметтік саладағы адамдардың арасындағы байланыстарды дамытудың күрделі көпжоспарлы процесі екендігін түсіндіру. Аталған процестің ерекшелігі регламенттелуін, ұлттық және мәдени дәстүрлермен, кәсіби этикалық принциптермен анықталатын белгіленген шектеулерге бағынуын осы пән барысында меңгерту. Корреспонденция журналистиканың зерттейтін элеуметтік мәні бар мәселе жайлы туындысы, уақытпен шектелген публицистиканың жанры екендігін меңгерту.	7			v	v								
	КП	ТК	Эпистолярл ық жанрдың тілі	Мақсаты: Эпистолярлық жанрдың стильдік ерекшеліктерін, шығу тегін, даму барысын таныту. Мазмұны: Ежелгі грек кезеңінен басталған эпистолярлық жанр тарихының бүгінгі күнге дейінгі даму барысын қарастыру, эпистолярлық жанрдың саяси, шығармашылық, жеке					v								

					тұлғаға қатысты түрлерін шолу жасау арқылы анықтау.														
50		КП		Өндірістік практика 2	<p>Мақсаты: БАҚ құралдарымен жұмыс істей алу қабілеттерін дамыту, шағын мақала жазу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Редакция жұмысы жүйесімен, редакциядағы журналист қызметінің түрлерімен, редакция қызметкерлерінің шығармашылық жұмыстарымен таныстыру. Жаңалыққа арналған ақпараттарды құру дағдыларын қалыптастыру; БАҚ түрлерін ажырата білу; Жаңалық ақпараттарын жасай білу, түрлі жанрдағы мәтіндерді дұрыстау және түзете алу; мақала жазуға керекті ақпаратты жинауға үйрету; түрлі рубрикадағы мақалаларды талдау. Әлеуметтік гуманитарлық ғылымдар бойынша ғылыми зерттеу институттарында зерттеу жұмыстарымен таныстыру, ғылыми мақалалар жазуға дағдыландыру.</p>	6										v		v	
51	Оқытудың әдістемелік негіздері	БП	ТК	Жаңартылған білім бағдарламасы негізінде қазақ тілін оқытудың әдістемесі	<p>Мақсаты: Жаңартылған білім беру бағдарламасы негізінде оқыту мен оқу тәжірибесіндегі жаңа тәсілдердің тиімді жақтарын көрсету, оқушылардың алған білімдерін өмірде пайдалана білу, олардың функционалдық сауаттылығы мен танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал ету.</p>	4									v				

					<p>Мазмұны: Қазақ тілін оқыту әдістемесінің қалыптасу және даму жолдары, қазақ тілін ана тілі ретінде оқытудың ерекшеліктері мен мақсат-міндеттері, қазақ тілін оқытуды оқу-танымдық процесс ретінде тану мен ұйымдастырудың ерекшеліктері, қазақ тілі жүйесінің ғылыми курсы деңгейлерін оқыту әдістемелері, қазіргі заманғы білім беру технологиялары, білім беру үрдістерін ұйымдастыру мен дамытудың заңдылықтары, мазмұны, принциптері, әдістері мен формалары, қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар білім беру мен оқыту міндеттері, қазіргі заманғы мектептегі оқытудың интерактивті әдістерінің мақсат, мазмұндары түсіндіріледі.</p>													
52		БП	ТК	Қазақ тілін оқытудағы жаңа технологиялар	<p>Мақсаты: Қазақ тілін оқытудың инновациялық технологияларымен таныстыру, білімдерін кеңейту. Әр педагогикалық технологияның мақсат-міндеттеріне көңіл аударту. Сабақта тиімді пайдалану, икем, дағдыларын қалыптастырып, дамыту.</p> <p>Мазмұны: Оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру заман талабы екендігі айтылады. Тіл үйрету жұмысы - өте күрделі үдеріс. Оқушылар қазақ тілі сабағында тек тіл үйреніп қоймайды, олардың сабақ үдерісінде қазақша</p>							v						

				ойлау дағдылары қалыптасып, өмірге өзіндік көзқарасы айқындалып, ұғым-түсінігі кеңейтіледі. Қазақ тілін оқытуда инновациялық технологияларды қолданудың мазмұндық ерекшеліктері мен тиімділігін пайдаланады. Қазіргі жана технологиялар, тіл үйренушілердің дербес ерекшеліктерін ескере отырып, өз бетінше ізденуін, шығармашылығын арттыруды көздейді.													
53	БП	ТК	Жаңартылған білім бағдарламасы негізінде қазақ әдебиетін оқытудың әдістемесі	<p>Мақсаты: Жаңартылған білім бағдарламасы негізінде қазақ әдебиетінің оқытудағы жаңа әдістері мен формаларын меңгерту.</p> <p>Мазмұны: Қазіргі заманғы білім беру технологиялары мен кәсіптік дағдылардың әртүрлілігі ашылады. Онда білім беру үрдістерін ұйымдастыру мен дамытудың заңдылықтары, мазмұны, принциптері, әдістері мен формалары сипатталады; қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар білім беру мен оқыту міндеттеріне, қазіргі заманғы мектептегі оқытудың интерактивті әдістерінің мақсаттарына және мазмұнына сәйкестендіріледі; негізгі педагогикалық ұғымдар, олардың бірлігі мен айырмашылығы анықталады.</p>	4					v							
54	БП	ТК	Қазақ әдебиетін оқытудағы жаңа	<p>Мақсаты: Қазақ әдебиетін оқытуда интерактивті әдістер мен оқыту әдістерін, ғылыми және шығармашылық дағдыларын қалыптастыру.</p>						v							

				технологиялар	<p>Мазмұны: Қазақ әдебиетін оқыту мектепте интерактивті әдістер тұрғысынан қарастырылады. Интерактивті әдістер мен оқыту әдістерін қолдану дағдылары әзірленеді. Әдебиет сабақтарында дидактикалық материалдарды таңдауға шығармашылық көзқарас дағдылары әрбір сатыға негізделген интерактивті сабақтарды құру; осы мақсатта қазақ әдебиетін оқытудың интерактивті технологиясының артықшылықтары үйретіледі.</p>												
55		БП	ТК	Бағалаудың өлшемдік технологиялары	<p>Мақсаты: «Бағалау өлшемдері» ұғымдарымен таныстыру, критериалды бағалау технологиясының педагогикалық-ұйымдастыру негіздерін анықтау.</p> <p>Мазмұны: Критериялық бағалаудың технологиялары пәні жайлы түсінікті студенттерде қалыптастыру. Білім берудің әдіснамалық қағидаларын ескере отырып, критериалды бағалауды қазақстандық жүйеде бар ғылыми жетістіктер негізінде үйрету. Мектептегі білімнің сапасын көтеру үшін функционалдық сауаттылығын және әрбір оқушының оқу жетістігі деңгейлерін қалыптастыру стратегиясын оқу. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың әдістері мен негізгі қағидаларын оқып-үйренуді, оқушылардың оқу жетістіктерін</p>	4					v						

				бағалаудың әдістері мен негізгі маңызды қағидаларын, оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалаудың жалпы әдістемелік ұсыныстарын меңгеру.													
56	БП	ТК	Білім алушылардың оқу-танымдық құзыреттілігінің қалыптастыру технологиясы	<p>Мақсаты: Ұйымдастыру, жоспарлау, талдау, оның жетістіктерін көрсету дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: «Құзыреттілік» ұғымы. Жаңа білім беру парадигмасындағы күтілетін нәтижеге бағытталған құзыреттіліктер. Бейімді-бағдарлы оқытудың жетістіктері. Дамыта оқыту технологиясын қалыптастырған ғалымдар: Л.С Вготский, М.Я. Лернер. Л.В. Занков, В.В. Давыдов, Д.Б.Эльконин. Сабақта жаңа ақпараттық технологиялармен жұмыс жасау: компьютер, электрондық оқулық, интерактивті тақта, интернет, электрондық пошта, телеконференция, On-line сабақтар т.б.</p>						v							
57	КП		Өндірістік практика 1	<p>Мақсаты: Жалпы ғылыми, мәдени, психологиялық және педагогикалық-әдіснамалық арнайы пәндер бойынша білімін нығайту және тереңдету, сондай-ақ алған білім, педагогикалық дағдылар мен құзіреттер негізінде қалыптастыру және қазіргі заманға сай түрлі техникалық және байланыс құралдарын дұрыс, тиімді, орынды пайдалана білу.</p> <p>Мазмұны: Білім алушылар мен мұғалімнің педагогикалық қызметінің</p>	4					v	v						

					негізгі функцияларын меңгерту, тәжірибелік дағдылар мен оқыту әдістемелерін өз бойына қалыптастыру, оқу сабақтарын жоспарлау, сабақты түрлі интерактивті технология және әдістермен өткізу, ЖОО-да психологиялық-педагогикалық пәндер циклі, жеке әдістеме бойынша алған білімдерін жан-жақты пайдалану, педагогикалық құзыреттіліктің құрылуы және дамуы, мұғалімнің кәсіби қасиеттерін қалыптастыру. Педагогикалық ойлау икемділігін, шығармашылығын, педагогикалық құбылыстарды, фактілерді талдау.														
58	Қазіргі қазақ әдебиетінің тарихы	БП	ТК	Қазақ халқының ауыз әдебиеті	Мақсаты: Қазақ ауыз әдебиетін тарихи контексте қарастыра отырып, синкретті өнер екендігіне, дәстүрлілігіне, көп варианттылығына мән беру және оның көркем-танымдық, тәрбиелік ерекшеліктерін зор мәдени мұра ретінде зерделеу. Мазмұны: Ауыз әдебиетінің ерекшеліктері; фольклор және фольклористика ғылымы; фольклордың пайда болу тарихы, оның халық өнері екендігі; ауыз әдебиетінің түрлері: тұрмыс-салт жырлары, аңыздар, эпостық шығармалар, батырлар жыры, лиро-эпостық жырлар, ертегілер, айтыс өнері оның түрлері.	5				v									
59		БП	ТК	Қазақ фольклористи	Мақсаты: Халық ауыз әдебиетін зерттеудің жаңа тәсілдерін қолданудағы					v									

				касы	дағдыларды қалыптастыру. Мазмұны: Ауызша поэзияны құрудың негізгі заңдылықтары туралы идеялардың нақты жүйесін қалыптастыру. Халық поэзиясының табиғаты туралы түрлі теориялар мен көзқарастарды мысалдармен қамтамасыз ету. Фольклорлық және әдеби шығармаларды типологиялық жалпы және ерекше қасиеттермен сәйкестендіру; әдебиеттану және фольклорды зерттеу.													
60		БП		Оқу практикасы	Мақсаты: Фольклор жинау арқылы халық ауыз әдебиетінен білімдерін тереңдету және кеңейту. Мазмұны: Фольклорлық практика – 1-курстардың оқу-тәрбиелік және өз бетінше ғылыми жұмыстары үшін ең маңызды іс-тәжірибе түрі екендігін түсіндіру. Дәріс және практикалық сабақтарда алған білімдерін халықтық фольклормен танысуға жұмсау, жұмысты жинау қабілеттілігін игеру, жарияланым үшін фольклорлық жазбаларды дайындауда практикалық дағдыларды меңгерту, фольклорлық жазбаларды мұрағаттық сақтау және оларды алғашқы өңдеу туралы түсіндіру.	1				v								
61		БП	ТК	Ежелгі дәуір және Орта ғасырлардағы әдебиет	Мақсаты: Ежелгі және орта ғасырлар әдебиетін лингвопоэтикалық, тарихи-әлеуметтік контексте қарастыру. Мазмұны: Ежелгі дәуір әдебиеті –	4					v							

				тарихы	әдебиет тарихының бастауы ретінде. Ежелгі дәуір әдебиетіндегі кезеңдер: көне түрік әдебиеті, ислам дәуірі әдебиеті, Алтын Орда жәдігерлері; «Қорқыт ата кітабы», «Оғызнама», Әл-Фараби, Ж.Баласағұни, А.Иасауи мұралары, «Кодекс куманикус», Рабғузидің «Қисса ул анбия», Хорезмидің «Мухаббатнама», С.Сарайдың «Гүлістан би турки» еңбектері, олардағы діни, тарихи-мифологиялық желі, сопылық мотивтер, шағатай өрнегі. Төл әдебиетіміздің тарихын, оның қалыптасу процесін, әр түрлі даму кезеңдерін және зерттелуі мен зерделенуін жан-жақты қарастыру.													
62		БП	ТК	V-XV ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы	Мақсаты: V-XV ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы мен әдеби мұралардың түпнұсқасын қазіргі аударма нұсқаларымен салыстыра зерттеу. Мазмұны: Біздің заманымызға дейінгі сақтар мен ғұндардың жазу-сызуларынан бастап, заманымыздың VI-XIV ғасырларында қалыптасып дамыған түркілік жазба әдебиетімізге байланысты біртұтас ұғым-түсінік қалыптастыру. Ежелгі дәуірдегі әдебиетті көне тарихпен, көшпенділер мәдениетімен сабақтастыру. «Күлтегін», «Тоныкөк», «Оғыз қаған», «Құтты білік» т.б. тәрізді жазба ескерткіштердің идеясы мен көркемдік ерекшеліктерін							v						

				меңгерту.															
63	БП	ТК	XV-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы	<p>Мақсаты: XV-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар жыраулар поэзиясы мен шешендік өнер үлгілерін ғылыми тұрғыдан талдау.</p> <p>Мазмұны: Қазақ халқының хандық дәуірін қамтыған бұл кезең әдебиетінің өткен жолымен, тағылымға толы тарихи тағдырымен барынша жете таныстыру. Қазақ халқының рухани өмірінің көрінісі болып саналатын әр кездердегі әр алуан дәрежедегі, әр түрлі жағдайда сөз ұстаған арқалы ақындары мен тереңнен толғайтын абыз-жырауларының шығармашылық болмысы турасында белгілі бір жүйеге түскен сындарлы ұғым, білім қорын қалыптастыру.</p>	5														
64	БП	ТК	Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет	<p>Мақсаты: Қазақ хандығы дәуірінде туған әдеби туындыларды стилдік, жанрлық және идеялық ауқымда қарап, саралау.</p> <p>Мазмұны: Қазақ хандығы дәуірінде қазақ халқының төл әдебиетінің қалыптасу процесі; жыраулар әдебиеті оның ежелгі түрік әдебиетінің жалғасы екендігі; жырау, жыршы және ақын атауларының терминдік ерекшеліктері; Асан қайғы, Қазтуған, Шалкиіз мұраларының ноғайлы дәуіріне қатысы; Жиёмбет, Марғасқа, Ақтамберді, Тәтіқара, Бұқар жырлары; хан және жырау ара-қатынастары;</p>															

				философиялық-даналық жырлар.														
65	БП	ТК	XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы	<p>Мақсаты: XIX ғасыр әдебиетіндегі эсхотологиялық және реформаторлық құбылыстың генезисін ашып көрсету.</p> <p>Мазмұны: XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің ұлттық тарихи-саяси дағдарыс кезеңінде пайда болуы, осы кездегі әдебиет өкілдерінің отаршылдықты әшкере етіп жырлауы; Махамбеттің өршіл-күрескерлік жырлары; М.Әуезовтің Дулат, Шортанбай, Мұрат шығармашылығына қатысты «зар заман» терминін қолдануы; Қоқан хандығы тұсындағы әдебиет өкілдерінің мұралары: Мәделі қожа, Құлыншақ, Майлықожа, Сүйінбай; ағартушылық әдебиет өкілдері: Шоқан, Ыбырай, Абай; Абай – реформатор, пассионар тұлға ретінде.</p>	4				v									
66	БП	ТК	XIX ғасырдағы жаңа жазба әдебиет	<p>Мақсаты: XIX ғасырда басталған жаңа жазбаша әдебиет үлгілерін ғылыми зерттеу.</p> <p>Мазмұны: XIX ғасыр әдебиеті – үлгі, әртүрлі, әдебиет жанры. XIX ғасыр әдебиетінің көркемдік сипаты мен әлеуметтік негіздерін зерттеу. XIX ғасыр әдебиетімен байланысты қазақ әдебиетінің тарихы бойынша бұрын жасалған және зерттелген зерттеулер нәтижелерін саралау.</p>					v									
67	КП	ТК	XX ғасырдың басындағы	<p>Мақсаты: Ояну дәуірі әдебиетінің саяси-концептуалды мәнін, ондағы</p>	4				v									

				қазақ әдебиеті	<p>Алаш қозғалысының, кітап ақындарының және діни, тарихи, ағартушылық бағыттағы шығармашылық процестердің нақты аражігін ажырату.</p> <p>Мазмұны: ХХІ ғасыр басындағы идеялық-рухани ояну дәуірі, ондағы саяси өзгерістердің қазақ әдебиетіне әсері; алаш қозғалысы және әдебиет; «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеттерінің қоғамға, әдеби ойға қозғау салуы; А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Торыайғыров шығармашылығының орны; Шәкәрім, М.Ж.Көпеев шығармашылығындағы діни, тарихи, ағартушылық сарындар; осы кездегі кітаби ақындар: М.Қалтаев, Н.Наушабаев, Молда Мұса Байзақов, Ш.Жәңгіров.</p>													
68		КП	ТК	Ғылыми-зерттеу жұмыстарының негіздері	<p>Мақсаты: Ғылыми-зерттеу жұмыстарының шығу тегі, тарихы, даму барысын бүгінгі жаһандық сұраныстар контекстінде таныту.</p> <p>Мазмұны: Ғылыми-зерттеудің нысаны, түрлері, ерекшеліктері, оның даму тенденциялары әдебиеттану және филология ғылымдары контекстінде қарастырылады. Ғылыми мақаланы жазу процесінде филологиялық және пәнаралық білімді синтездеу және трансформациялау. Ғылыми-зерттеулердің мақсаттары мен міндеттерін қалыптастырып, олардың</p>			v										v

				шешімін табуға және ғылыми жарияланымда көрсетуге, фактілерді жинау, өңдеу, талдау, филологиялық және ғылыми-техникалық ақпаратты жинақтау.															
69		КП	ТК	1917-1991 жылдар аралығындағы қазақ әдебиеті	Мақсаты: 1917-1991 жылдар аралығындағы қазақ әдебиетіндегі тарихи-поэтикалық құбылыстар мен ерекшеліктерді саралап таныту. Мазмұны: 1917-1991 жылдар аралығындағы қазақ әдебиетіндегі әртүрлі ізденістер мен теориялық ерекшеліктерді саралап, соның ішінде кеңестік-социалдық, ұлттық-либералдық, эмиграциялық, жылымық кезеңдеріндегі әдеби процестерді меңгерту.	6				v									
70		КП	ТК	Кеңестік дәуірдегі әдебиет	Мақсаты: Кеңес дәуірінің әртүрлі әдеби бағыттарын (либералды, әлеуметтік, діни, эмиграциялық әдебиеттер, 60-шы жылдар) хронологиялық-тұжырымдамалық тұрғыдан қарастыру және саралау. Мазмұны: Кеңестік дәуірдегі әдеби ағымның күрделілігі, осы кезеңдегі әдебиетке «соц. реализм» әдісінің күшпен таңылуы. Ұлттық социалдық бағытты ұстанған С.Сейфуллин, С.Мұқанов, І.Жансүгіров, Б.Майлин шығармалары. Алаш қозғалысының әсерімен рухтанған Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев шығармашылығы. Кеңестік дәуірдегі эмиграциялық					v									

				әдебиет: М.Шоқай еңбектері, М.Айтбаев, Х.Абдуллин поэзиясы. Әскери тақырыпты көтерген Б.Момышұлы еңбектері. «Жылымық» кезеңінде пайда болған «алпысыншы жылдары»: І.Есенберлин, О.Сүлейменов, Ә.Кекілбай, Ш.Мұртаза, М.Мағауин, А.Сүлейменов, О.Бөкеев, М.Шаханов т.б. Мұқағали Мақатаев лирикасы.														
71	КП	ТК	Қазіргі қазақ әдебиеті және сын тарихы	Мақсаты: Қазақ әдеби сынының әл-Фарабиден басталып А.Байтұрсыновқа дейінгі тарихи өсу жолдарымен таныстыру. Ондағы әдеби-методологиялық ерекшеліктерге мән беру. Мазмұны: Қазақ әдеби сынының пайда болу кезеңдері. әл-Фарабидің сыни ойлары; Ж.Баласағұни, М.Қашқари еңбектеріндегі поэтикалық ойлар; шейх Ахмет Құдайдад Таразидің «Көркем сөз өнері» кітабы (1437 ж.); Захираддин Бабырдың, М.Х.Дулатидің сыни ой-пікірлері. Кеңестік дәуірде кәсіби әдеби сынның қалыптасуы: А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев еңбектері. Кеңестік дәуірдегі әдеби сындағы жетістіктер мен Солақайлықтар; М.Әуезовтің Абайтану ғылымының негізін қалауы; Тәуелсіздік тұсындағы әртүрлі әдеби айтыс-тартыстар.	5				v									v
72	КП	ТК	XXI ғасырдағы	Мақсаты: Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиетті отарсыздандыру процесі					v									

			қазақ әдебиеті	<p>аясында зерделеу.</p> <p>Мазмұны: Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиетінің даму барысы; әдебиеттегі отарсыздану процесі; публицистикалық жанрдың өрістеуі; сол кездегі әдеби басылымдар: «Жұлдыз», «Қазақ әдебиеті» «Жалын» және «Жас алаш», «Ана тілі» т.б. газеттерінде әдеби-тарихи сыни ойлардың өрістеуі; Ш.Мұртаза, К.Смайлов, Ә.Кекілбаев, М.Мағауин, М.Шаханов т.б. жаңа таныммен жарияланған еңбектері; К.Әмірбек сатирасы; тәуелсіздік кезіндегі жастар шығармашылығының өсіп-өнуі; 90 жылдарда белгілі болған жас қаламгерлер: Н.Мәукенұлы, Г.Салықбай, А.Кемелбаева т.б; 2000-жылдарда танымал болған: Қ.Сарин, А.Елгезек, А.Қалшабек, А.Темірбай, Б.Қарағызұлы, Е.Жүніс т.б. еңбектері; айтыс өнерінің жаңа өрнекпен дамуы, қоғамға ой салған айтыс ақындары: М.Тазабек, М.Қосымбаев, А.Әлтаев, А.Тұрсынбаева, О.Досбосынов, Б.Имашев т.б.</p>														
73	КП	ТК	Шет елдер әдебиетінің тарихы	<p>Мақсаты: Шет ел әдебиеті ақын-жазушыларының шығармашылығына арнайы тоқталып, оның көркемдік-эстетикалық концепциясымен таныстыру.</p> <p>Мазмұны: Шетел әдебиетінің классикалық үлгісін таныту; шетел әдебиетіндегі көтерілген тақырыптар</p>	5													

					мен авторлардың бейнесін ашқызу, шетел туындыларын тақырыбына қарай жіктей отырып, әдеби талдау жасай білуге үйрету. Шет елдер әдебиетінің ролі мен мағынасы, тарихи әдеби процестердің негізгі ерекшеліктері, оның әдебиет пен мәдениеттің келешектегі дамуына дүниетанымдық, көркемдік, ұлттық ерекшеліктерінің құрылуына әсер етуін талдау.													
74		КП	ТК	Әлем әдебиеті	<p>Мақсаты: Адамзат дамуы тарихының біздің жыл санауымызға дейінгі антикалық мәдениеттен бастап, қазіргі заманымызға дейінгі әлем әдебиетінің әдеби-фольклорлық мазмұнын оқып-үйрету.</p> <p>Мазмұны: Әлемдік сөз өнері мұраларын игерту және әлемдік сөз өнері дамуының тарихына әдеби шолу жасауды үйрету. Әлем әдебиетінің жауһарларымен танысып, қазіргі әдеби үдерістің бағыт-бағдарларын айқындау. Әлем классиктерінің шығармаларын оқып, талдау және олардың шығармашылығымен танысу. Пәнді оқу барысында студенттер әлемдік әдебиеттің өткені мен бүгіні туралы талдау жасап, өз тұжырымдарын айта білу.</p>									v				
75	Жаңа кәсіби құзыреттіліктерді алу модулі	БП	ТК	Қосымша білім беру бағдарламасы бойынша	<p>Мақсаты: Білім алушыларды журналистиканың қоғамдағы ролі, функциясы, принциптерімен таныстыру. Тіл құралдарын БАҚ-та сауатты</p>	12									v			

				пәндері	пайдалана білуге үйрету. Мазмұны: Қосымша білім беру бағдарламасы (minor) (минор) - қосымша біліктіліктерді қалыптастыру мақсатында білім алушылармен анықталған пәндер (немесе) модульдер және басқа да оқу жұмыстары түрлерінің жиынтығы.														
76	Қорытынды аттестация модулі	КП		Диплом алды немесе өндірістік практика	Мақсаты: Этностың ұлттық таным әлемін өз бойына сіңірген филологиялық білімдерді жаңа ғылыми парадигмаға сәйкес зерттеу жұмысына материалдар жинақтау. Тілдік таным процесстеріне тілдік тұлғаға метатілдік тұрғыдан теориялық білімдерін (негіздерін) қалыптастыру. Мазмұны: Лингвистиканың және әдебиеттің теориялық негіздерін білу. Диплом тақырыбының өзектілігін, теориялық және тәжірибелік маңыздылығын негіздеу мүмкіндігі; нақты орта жағдайларын ескере отырып, диплом тақырыбына байланысты эксперименталды-зерттеу жұмыстарын жүргізу; эксперименттің нәтижелерін өңдеу. Жоспар жасап, материалдарды жинап, сараптама жасай алу. Практика барысында алынған материалмен жұмыс істей алу: талдап, керегін алып қала алу. Ғылыми-зерттеу жұмысының зерттеу әдістерін нақты қоя біліп, практиканың мақсатына сай қорытындылар шығара білу.	10			v	v									

77			<p>Дипломдық жұмысты, дипломдық жобаны жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру</p>	<p>Мақсаты: Теориялық-әдіснамалық негіздерін меңгеру деңгейін бағалау, ғылыми-зерттеулерге қызығушылығын дамыту; БББ бойынша теориялық және практикалық білімді бекіту, қорыту.</p> <p>Мазмұны: Лингвистиканың және әдебиеттанудың теориялық негіздерін қолдану, алынған ақпаратты жүйелендіру; жаңартылған бағдарламаға сәйкес сабақтарды оқытудың құрылымы мен мазмұны; филологиялық сабақтарда қолданылатын инновациялық технологиялар; индикаторларды әзірлеу әдістері және зерттелетін құбылыстың бағалау критерийлерін білу. Теориялық білімі мен практикалық дағдыларын ұштастыра алу, диплом жұмысының өзектілігін, теориялық және практикалық маңыздылығын тану. Диплом жұмысын орындау және мақсатқа жету үрдісін басқара алу, мақсат, нәтижелері мен қорытындыға қол жеткізу. Диплом жұмысын сауатты рәсімдей алу.</p>	8		v	v								
----	--	--	--	---	---	--	---	---	--	--	--	--	--	--	--	--

**5. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МОДУЛЬДЕРІ БӨЛІНІСІНДЕ ИГЕРІЛГЕН КРЕДИТТЕРДІҢ
КӨЛЕМІН КӨРСЕТЕТІН ЖИЫНТЫҚ КЕСТЕСІ**

Оқыту курсы	Семестр	Меңгерілген модульдер саны	Оқытылатын пәндер саны			KZ кредиттер саны						Барл ық сағат тар	KZ кредиттер жиыны	Саны	
			МК	ЖК	ТК	Теори ялық оқыту	Дене шын ықты ру	Оқу прак тика сы	Өндірістік практика	Диплом алды практика	Қорыты нды аттеста ция			емтихан	Сараланған сынақ
1	1	5	4	1	2	28	2					900	30	6	1
	2	6	4	1	3	27	2	1				900	30	5	3
2	3	5	2	3	3	28	2					900	30	6	2
	4	7	3	1	3	24	2		4			900	30	5	2
3	5	5	-	-	7	30						900	30	6	1
	6	4	-	1	4	24			6			900	30	4	1
4	7	3	-	1	3	20						600	20	4	0
	8	3	-	1	3	20						600	20	4	0
	9	1	-	1	-	-				10	12	600	20		1
Қорытынды		39	13	10	28	201	8	1	10	10	12	7200	240	40	11

6. Оқыту стратегиясы мен әдістері, бақылау және бағалау

<p>Оқыту стратегиялары</p>	<p>Студентке бағытталған білім беру: білім алушы – оқытудың/үйретудің орталығы және оқыту мен шешім қабылдау үрдісінің белсенді қатысушысы.</p> <p>Тәжірибеге бағытталған білім беру: тәжірибелік дағдыларды дамытуға бағыттылық.</p>
<p>Оқыту әдістері</p>	<p>Дәрістер, семинарлар, түрлі практикалар өткізу: инновациялық технологияларды қолдану:</p> <ul style="list-style-type: none"> • проблемалық оқыту; • кейс-стади; • топта және креативті топта жұмыс істеу; • пікірталастар мен диалогтар, зияткерлік ойындар, олимпиадалар, викториналар; • рефлексия, жобалар, бенчмаркинг әдістері; • Блум таксономиясы; • презентациялар; <p>ақпараттық дереккөздерді ұтымды және креативті пайдалану:</p> <ul style="list-style-type: none"> • мультимедиялық оқыту бағдарламалары; • электрондық оқулықтар; • сандық ресурстар. • Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру, жеке кеңес беру.
<p>Оқу нәтижелеріне қол жеткізуді бақылау және бағалау</p>	<p>Ағымдағы бақылау пәннің әрбір тақырыбынан аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарда білімді бақылау бойынша жүргізіледі (силлабусқа сәйкес).</p> <p>Бағалау формалары:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Сабақтардағы сұрау; • Оқу пәні бойынша тестілеу; • Бақылау жұмыстары; • Өзіндік шығармашылық жұмысты қорғау; • дискуссиялар; • тренингтер; • коллоквиумдар; • эссе жазу т. б. <p>Аралық бақылау бір оқу пәні бойынша тек бір академиялық кезеңде екі реттен кем емес өткізіледі. Аралық аттестация академиялық күнтізбеге сәйкес, оқу жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.</p> <p>Өткізу формалары:</p> <ul style="list-style-type: none"> • тестілеу формасындағы емтихандар; • ауызша емтихандар; • жазбаша емтихандар; • аралас емтихандар; • жобаларды қорғау; • тәжірибе бойынша есептерді қорғау. <p>Қорытынды мемлекеттік аттестациялау.</p>


7. БББ ОҚУ-РЕСУРСТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

<p>Ақпараттық ресурстық орталық</p>	<p>Ақпараттық білім беру орталығының құрамына 6 абонемент, 16 оқу залы, 2 электрондық ресурстық орталық (ЭРЦ) енеді. АББО желілік инфрақұрылымының негізін Интернет жүйесіне қосылған 180компьютер, 110 автоматтандырылған жұмыс орны, 6 интерактивті тақта, 2 видеодвойка, 1 видеоконференция байланыс жүйесі, А-4 форматты 3 сканер, АКАЖ «ИРБИС-64» (6 модульді базалық комплектілі) MS Windows бағдарламалық қамтамасыз етілген автономды сервер құрайды.</p> <p>Кітапхана қоры аптасына 7 күн 24 сағат бойы on-line режимде http://lib.ukgu.kz сайтында пайдаланушыларға қолжетімді, электронды каталогта көрсетілген.</p> <p>Өзіндік: «Almamater», «ОҚУ ғалымдарының еңбектері», «Электрондық мұрағат» тақырыптық деректер қоры жасалған. Онлайн 24/7 режимде http://articles.ukgu.kz/ru/pps сілтемесі арқылы кез келген құрылғыдан қолжетімді.</p> <p>Каталогтар электронды түрде өңделеді. ЭК 9 деректер қорынан тұрады: «Кітаптар», «Мақалалар», «Мерзімді басылымдар», «ОҚУ профессорлық-оқытушы құрамының еңбектері», «Сирек кездесетін кітаптар», «Электрондық қор», «ОҚУ баспада», «Оқырмандар» және «ОҚО».</p> <p>АББО өз пайдаланушыларына электрондық ақпараттық ресурстарға қол жеткізудің 3 нұсқасын: каталогтар залындағы және АББО бөлімдерінің «Электронды каталог» терминалдарынан; факультеттер мен кафедралар үшін университеттің ақпараттық желісі; қашықтық режимде кітапхананың http://lib.ukgu.kz/web-сайты арқылы ұсынады.</p> <p>Халықаралық және республикалық ресурстарға қолжетімді: «SpringerLink», «Полпред», «Web of Science», «EBSCO», «Эпиграф», ашық қолжетімді ғылыми журналдардың электронды нұсқалары, «Зан», «Республикалық жоғары оқу орындары аралық электронды кітапхана РМЭБ», «Әдебиет», Цифрлы кітапхана "Aknurpress", «Smart-kitap», «Kitap.kz» және т.б.</p> <p>АББО <i>ерекше қажеттіліктері бар</i> және мүмкіндігі шектеулі студенттер үшін, кітапхана сайты нашар көретін пайдаланушылардың жұмысына бейімделген.</p>
<p>Материалды техникалық база</p>	<p>6В02310 - Филология: қазақ тілі мамандығының студенттері Тәжібаев көшесі, 2 мекен-жайында орналасқан №8 оқу ғимаратында оқиды.</p> <p>Оқу ғимаратының жалпы ауданы 9506,2 ш.м. құрайды, пайдалы алаң - 5627,2ш.м., лекциялық аудиториялар - 3 (№201- 125,82ш.м., №301-124,70 ш.м., №10 - 57,37ш.м.), практикалық, семинар сабақтарына арналған аудиториялар - 6 (№ 206 -31,72ш.м., №207 - 14,76ш.м., № 407–31,08ш.м., № 314–33,32ш.м., № 104 – 35,50ш.м., № 106 – 50,12ш.м), мультимедиялық кабинет 2 (№407 -31,08 ш.м., № 206 - 31,72 ш.м), компьютерлік сыныптар - 2 (№106 - 50,12ш.м, № 409 - 32,14ш.м, ЭРЦ-118,8 ш.м).</p>

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

«6B02310 – Филология: қазақ тілі» білім беру бағдарламасы

АкМЖД директоры  А.С.Наукенова

АҒД директоры  Ұ.Б.Назарбек

КжКД директоры  Т.С.Бажиров